

«Адал ұрпақ» еріктілер клубы туралы ақпарат

Клубтың мақсаты мен міндеттері

Мақсаттары:

1. Оқушылардың бойында адалдық, әділеттілік, парасаттылық, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау, жастар арасында жол бермеу ұстанымын қалыптастыру.
3. Академиялық адалдық қағидаларын (шынайы бағалау, өз еңбегімен білім алу) кеңінен насихаттау.
4. Мектеп пен қоғам ішінде ашықтық, сенім мен тәртіпті қолдау арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті күшейту.

Міндеттері:

- Адалдық, әділеттілік тақырыптарына арналған іс-шаралар ұйымдастыру (ситуациялық ойындар, пікірталастар, тренингтер).
- Оқушылармен бірге бейнероликтер түсіру, олардың мазмұнын талқылау, көрсету.
- Қоғамдық кеңістікке бағытталған акциялар: парақшалар (листовкалар) тарату, плакаттар ілу, ақпараттық стендтер ұйымдастыру.
- Басқа мектептер мен ұйымдармен байланыс орнатып, тәжірибе алмастыру, слеттерге қатысу.
- Әр оқу жылында клуб мүшелерінің белсенділігін бағалап, марапаттау мен міндеттерді қайта қарау.

Клуб жұмысының бағыттары

1. **Бейнероликтер ойлап табу, түсіру, монтаждау**
 - Оқушылар өздері сценарий жазады: мысалы, «Сыбайлас жемқорлықтың оқушы өміріндегі әсері», «Адал жол — біздің тандау».
 - Жемқорлық, пара беру-алу, сыйақы, жалған ақпарат таратылу сияқты көріністерді көрсету.
 - Түсірілген видеоларды мектеп ішіндегі шараларда, клуб кездесулерінде, әлеуметтік желілерде көрсету.
2. **Бейнероликтерді көрсету және пікірталас**
 - Сыбайлас жемқорлық, адалдық, әділдік туралы дайын видеоларды көрсету.
 - Осы материалдар бойынша оқушыларды топтарға бөліп талқыға салу: «Бұл жағдайда не істер едің?», «Неліктен бұл әрекет әділетсіз?», «Қалай болу керек?» деген сұрақтар арқылы.
 - Талқылау соңында қорытындылар шығарып, барлығы бірге шешімдер ұсынады.
3. **Шынайы өмірден жағдайларды талдау**
 - Мектеп, қала, аудан, тіпті еліміздегі нақты мысалдар (жаңалықтардан алынған фактілер) беріледі.
 - Оқушылар бұл жағдайларды қарастырып, олардағы жемқорлық элементтерін, әділетсіздікті анықтайды.

- «Осындай жағдай орын алғанда не істер едің?» деген форматта сценарийлік шешімдер ұсынады.

4. **Ақпараттық акциялар мен насихаттау**

- Парақшалар (листовкалар), плакаттар, буклеттер дайындау — «Адал бол — өзгеге үлгі бол!» деген ұранмен.
- Мектеп фойесінде, кітапханада, коридорларда стендтер қою.
- Мектепішілік акциялар: «Адалдық апталығы», «Әр адам — шамшырақ», «Жемқорлыққа жол жоқ» және т.б.

